



**БҮЙРЫҚ**

2022 ж. 21 наурыз  
Нұр-Сұлтан қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 63  
город Нур-Султан

**«А. Байтұрсынов атындағы Қостанай  
өнірлік университеті» акционерлік  
қоғамының Жарғысына өзгеріс енгізу  
туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 5-тармағына және 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес

**БҮЙЫРАМЫН:**


1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2020 жылғы 5 маусымдағы № 350 бүйрығымен бекітілген «А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өнірлік университеті» акцизнерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына қоса беріліп отырған өзгеріс бекітілсін.

2. Қоғам:

- 1) тіркеуші органға Қоғамның Жарғысына өзгеріс енгізу туралы хабарлама жолдасын;
- 2) осы бүйрықтан туындастын өзге де шараларды қабылдасын.
3. Осы бүйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.
4. Осы бүйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

С. Нұрбек



Қазақстан Республикасының  
Ғылым және жоғары білім  
министрінің  
2022 жылғы «21 » қаркынбектегі  
№ 63 бұйрығымен бекітілді

**«А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өнірлік университеті»  
акционерлік қоғамының Жарғысына енгізілетін өзгеріс**

«А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өнірлік университеті» акционерлік қоғамының Жарғысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін 100% иелік ету және пайдалану құқығын жүзеге асыратын тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі – Жалғыз акционер) болып табылады.

Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналышының өз құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарайды және шешімдер қабылдайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің келісімі бойынша қабылданатын шешімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналышының (Жалғыз акционердің) құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер дербес қабылдайды.».